Конкурстық құжаттамаға
15-қосымша

Сатып алынатын қызметтердің техникалық ерекшелігі

(тапсырыс беруші толтырады)

Тапсырыс берушінің атауы *«Қазтелерадио» акционерлік қоғамы*

Ұйымдастырушының атауы *«Қазтелерадио» акционерлік қоғамы*

Конкурстың № *Баға қалыптастыру/тарифтік саясат мәселелері бойынша консультациялық қызметтер*

Конкурстың *атауы Баға қалыптастыру/тарифтік саясат мәселелері бойынша консультациялық қызметтер*

Лоттың №_____

Лоттың атауы *Баға қалыптастыру/тарифтік саясат мәселелері бойынша консультациялық қызметтер*

Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы кодының атауы*	Баға қалыптастыру/тарифтік саясат мәселелері бойынша консультациялық қызметтер
Қызметтің атауы*	Баға қалыптастыру/тарифтік саясат мәселелері бойынша консультациялық қызметтер
Өлшем бірлігі*	Қызмет
Саны (көлемі)*	Біреу
Қосымша құн салығын есепке алмағандағы бірлік бағасы *	20 000 000
Қосымша құн салығын есепке алмағанда, сатып алу үшін бөлінген жалпы сома *	20 000 000
Қызмет көрсету мерзімі*	120 күнтізбелік күн
Аванстық төлем мөлшері*	0
Кепілдік мерзімі (айлармен)	
Талап етілетін сипаттамалардың, параметрлердің және өзге де бастапқы деректердің сипаттамасы:	Бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнама нормаларына сәйкестігі тұрғысынан Қоғам қызметіне комплаенс талдау жүргізу – Қоғамға кіріс әкелетін, қызметтер

	бойынша бекітілген шарттар мен актілер және т.б. талдау және сараптау; – Қоғамның қолда бар баға саясатының талдамасы және Қоғам қызметтері бойынша қолданылатын тарифтердің негізділігі; – көрсетілетін қызметтер мен жұмыстарға тариф қалыптастыру бойынша қолданыстағы әдіснамалық базаға талдау жүргізу; – Қоғамның көрсетілетін қызметтері бойынша нарықтық үлесті талдау және айқындау және нарыққа қатысты оның санатын айқындау (монополист, үстем оператор және т.б.); – Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасымен реттелмейтін қызметтер мен жұмыстардың тізбесін айқындау; – Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының талаптарына жататын қызметтер мен жұмыстардың тізбесін айқындау; – тәуекелдерді анықтау, тәуекелдерді бағалау, тәуекелдерді барынша азайту (тәуекелдер картасын әзірлеу, басқару, анықталған тәуекелдерді барынша азайту және жою үшін қажетті бақылау құралдарын айқындау, тәуекелдерді төмендету бойынша қажетті іс-шаралар жүргізу). Бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнама нормаларына сәйкестігі мәніне Қоғам қызметіне жүргізілген талдау қорытындыларымен есеп беру. Есеп түпнұсқаларының саны қазақ және орыс тілдерінде кемінде 3 (үш) дананы құрауы тиіс, олардың соңғы бетіне Орындаушының бірінші басшысы қол қояды, әрбір бетіне күні бұрын қол қойылады. Қоғам қабылдаған тарифтерді есептеудің қолданыстағы әдіснамаларын өзгерту немесе түзету жөнінде әзірленген ұсынымдармен Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасын бұзушылықтардың алдын алу және монополияға қарсы заңнаманың талаптарына сәйкестікті қамтамасыз ету жөніндегі шаралар жүйесі бойынша ұсыныстар. Әзірлеу нәтижелері Есепке қосымша болуға тиіс және Қызмет көрсету кезінде қолданылатын модельдер, қағидаттар мен әдістер туралы мәліметтерді қамтуы тиіс. Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасымен реттелмейтін қызметтер мен жұмыстардың тізбесін ұсыну. Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының талаптарына жататын қызметтер

	мен жұмыстардың тізбесін ұсыну. Қажетті құжаттарды (факт болған кезде) қоса бере отырып, Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігіне Қоғамды монополист немесе үстем оператор деп тану туралы өтінім беру. Бәсекелестікті қорғау жөніндегі заңнамаға сәйкес Қоғамның өз қызметін жүргізу жөніндегі ішкі қағидаларын, әдістері мен саясатын реттейтін Комплаенстің ішкі актісін әзірлеу: – тұжырымдар мен ұсыныстарды пайдалана отырып, Қоғам қызметтеріне арналған экономикалық негізделген тарифтерді есептеудің қолданыстағы әдіснамаларын өзгерту/түзету бойынша ұсынымдар әзірлеу; – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес экономикалық негізделген тарифтерді есептеу бойынша ұсынымдар әзірлеу; – Қоғамның қызметіне байланысты монополияға қарсы комплаенс-тәуекелдерге бағалау жүргізу әдістері бойынша ұсынымдар; – монополияға қарсы комплаенс-тәуекелдерді ішкі бақылау жүйесін құру; – монополияға қарсы комплаенстің ішкі актісінің жұмыс істеу тиімділігіне бағалау жүргізу әдістері жөніндегі ұсынымдар. Бәсекелестікті қорғау жөніндегі заңнамаға сәйкес Қоғамның баға саясаты мен ережелерін реттейтін Комплаенстің сыртқы актісін әзірлеу. Сыртқы актіні әзірлегеннен кейін Жеткізуші Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының нормаларына сәйкестігін анықтау үшін монополияға қарсы комплаенстің сыртқы актісінің жобасына одан әрі қолдау көрсетіп, монополияға қарсы органға жібереді. Монополияға қарсы орган қараған монополияға қарсы комплаенстің сыртқы актісінің жобасы оның Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының нормаларына сәйкестігі анықталған жағдайда Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын түсіндіру актісі болып табылуы тиіс.

	Сыртқы акт Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының нормаларына толық сәйкес келген және оны Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын түсіндіру актісі деп айқындаған жағдайда Қызмет көрсетілген болып есептеледі. Қызмет көрсету үшін Орындаушыға ақпарат, оның ішінде Қоғамның коммерциялық құпиясынан тұратын және құпия ақпарат болып табылатын ақпарат ұсынылады. Осы факт бойынша Тапсырыс беруші компания қызметкерлерінен коммерциялық құпияны жарияламау туралы міндеттеме алады. Осы техникалық ерекшеліктің талаптарына негізделген әзірлеме нәтижелері бастапқы деректер болып табылады: • Қоғамның аудиттелген қаржылық есептілігі; • Қоғамның есеп саясаты; • Басқару есептілігінің деректері; • Бухгалтерлік есеп деректері; • Қызмет көрсету процесінде қажетті басқа да деректер (шарттар, актілер, есептемелер, құжаттар, шешімдер, бұйрықтар, хаттамалар, әдістемелер). Әзірлеме нәтижелері осы техникалық ерекшелікте қозғалған барлық аспектілерді қамтуы тиіс. Көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеу екі кезеңде жүргізіледі. Шарт сомасының 30% мөлшеріндегі аралық төлем – Қоғам Комплаенстің ішкі актісін бекіткеннен кейін. Шарт сомасының 70%-ы мөлшерінде ақырғы төлем – Сыртқы актіні монополияға қарсы органмен келісу және оны Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын түсіндіру актісімен тану қорытындылары бойынша.
Әлеуетті жеткізушіге ол жеңімпаз деп анықталған және онымен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған жағдайда қойылатын талаптар (қажет болған кезде көрсетіледі) (әлеуетті	

жеткізушіні көрсетілген мәліметтерді көрсетпегені және ұсынбағаны үшін қабылдамауға жол берілмейді)	

* мәліметтер мемлекеттік сатып алу жоспарынан алынады (автоматты түрде көрсетіледі).

Ескертпе.

1. Әрбір сипаттамалар, өлшемдер, бастапқы деректер және Орындаушыға қосымша шарттар жеке жолда көрсетіледі.
2. Техникалық ерекшелікте әлеуетті жеткізушіге қойылатын біліктілік талаптарын белгілеуге жол берілмейді.
3. Өзге құжаттарда техникалық ерекшеліктің талаптарын белгілеуге жол берілмейді.

Басқарма төрағасының орынбасары –

Коммерциялық директор _____ **Утешев Д. Б.**

Омаров Б. З.